


4-тарау.

Қаржы саясаты және қаржы механизмі



Қазақстан Республикасының қаржы саясатының мәні, мағынасы, тапсырмалары, мақсаттары, принциптері мен түрлері

Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен тапсырмаларын жүзеге асыру және белгілі мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда маңызды рөлді қаржы саясаты алады. Оны әзірлеу және өмірде пайдалану процесінде қоғам алдында тұрған мақсаттар мен тапсырмаларды атқару үшін жағдай қамтамасыз етіледі.

Қаржы қатынасының орталықтандырылған және бөлшекті ақшалай қаражаттар қорларын құруға арналған әртүрлі өзара байланысты сфераларының әрекеттерін регламенттейтін әртүрлі принциптер, тәсілдер мен әдістердің жиынтығы қаржы саясаты немесе қаржы сферасындағы белгілі деңгейдегі басқару органдарының әрекет желісі деп аталады.

Қаржы саясаты – мемлекеттің, кез келген деңгейдегі экономикалық субъектілерінің немесе үй шаруашылығының, өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, өз тапсырмаларын жүзеге асыру үшін, қаржы облысындағы нысаналы бағытталған әрекеттер жиынтығы. Бұл қызметтің дербес сферасы, бірақ ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қаржы саясатының мазмұны – қаржыны қоғам дамуының тапсырмаларына сәйкес экономикалық заңдар әрекетін есепке ала отырып, жоспарлы ұйымдастыру болып табылады.

Қаржы саясаты – экономикалық субъектілердің өз функцияларын, мақсаттарын мен тапсырмаларын атқару үшін, қоғамның қаржы

ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалануда тиімділікке жету үшін бағытталған қаржы принциптерін ұйымдастыру нысандары мен пайдалану тәсілдерінің жиынтығы.

Қаржы саясаты – қаржы қатынасымен салыстырғанда, белгілі қоғамдық – экономикалық формацияның өндірістік қатынас бөлігі ретінде қатысатын, базисті болып табылатын қондырманың бөлігін сипаттайды. Экономикалық базис сияқты қаржы саясаты мен өндірістік қатынастар арасында тығыз өзара байланыс бар. Ол экономикаға шарттастырылған және өзі экономикаға оң және теріс қарсы әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар экономикада болып жатқан ақпараттардың дәл болуының маңызы зор.

Мемлекет өзінің қызмет ету процесінде қоғамдық өмірдің әртүрлі сфераларында саяси қызметін жүзеге асырады. Бұл қызметтің объектісі – тұтас экономика және оның жекелеген экономикалық категориялары баға, ақша айналымы, қаржы, несие, валюталық қатынастар болып саналады.

Мемлекеттің өз функцияларын орындау үшін, қаржы қатынасын пайдалануы бойынша мемлекеттік шаралар жиынтығы – мемлекеттің қаржы саясатын сипаттайды.

Мемлекеттің қаржы саясаты – қаржыны қоғам тапсырмаларына сәйкес әрекеттегі экономикалық заңдардың әрекетін есепке ала отырып, жоспарлы ұйымдастыру мен пайдалануды қамтиды, қаржы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асыру экономикалық заңдар әрекеті, экономиканың жағдайын, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму болашағын зерттеу; экономикалық саясаттың сәйкес мақсаттар мен тапсырмаларнан шығатын қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын қалыптастыру; жобаланған әрекеттерді экономикалық реформалар ағынымен байланысты өзгерістермен қаржы механизмі арқылы жүзеге асыру негізінде елде қаржының дамуының ғылыми негізделген концепциясын әзірлеуді талап етеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының **мазмұны** өте күрделі және келесі облыстарды қамтиды:

- қаржы саясатының жалпы концепциясын жасау, экономикалық заңдар талаптарын зерттеу негізінде оның негізгі бағыттары мен тапсырмаларын анықтау, өндіріс пен қоғам

қажеттілігінің даму болашағын, теориялық база және оның негізінде жасалынған қаржы саласында мемлекеттің реттеуші рөлінің концепциясын;

- қаржыны болашаққа және ағымды кезеңге пайдаланудың негізгі бағыттарын анықтау, яғни әсер ету факторлары негізінде қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасын жасау; ағымды және ұзақ мерзімді кезеңде, мемлекеттің кірістері мен шығыстарының теңгерімділігіне кепілдік беретін, макро көрстекіштер жүйесін анықтау;
- баламалы қаржы механизмін құру;
- мемлекеттің және экономиканың басқа субъектілерінің қаржылық қызметін басқару;
- қаржы құралдары мен қаржы органдарының барлық жиынтығының көмегімен белгіленген мақсаттарға жетуде тәжірибелік шараларды жасау және жүргізу. Осындай алға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған тәжірибелік әрекеттер тікелей жүзеге асырылады, экономикаға тікелей әсер ету басталды.

Қаржы жүйесі қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасынан құралады, кез келген деңгейдегі экономикалық субъектілердің қаржы облысындағы әрекет желісі болып табылады.

Қаржы стратегиясы—болашақта экономикалық және әлеуметтік дамуының ірі көлемді тапсырмаларын шешуге бағытталған, ұзақ мерзімді кезеңге әрекеттер желісі (5,10,15жыл). Қаржы тактикасы – жақын кезеңге (2 жыл, тоқсанға бөлінген ай, айға бөлінген тоқсан, күнге бөлінген ай, ауысымға бөлінген күн) арналған әрекет желісі.

Қаржы стратегиясы мемлекет арқылы қоғам дамуының ірі тарихи сатыларына қатысты жасалынады. Сонымен қатар қаржының дамуының негізгі бағыттары болжанады, қаржыны пайдалану және ұйымдастыру принциптері белгіленеді, қаржы ресурстары экономика дамуының басым бағыттарына жұмылдырылады.

Қаржы тактикасы стратегия негізінде түзіледі, жедел тапсырмаларды шешеді, ел, аймақ, сала, кәсіпорындар, үй шаруашылығы экономикасында пайда болған сәйкессіздікті қаржы саясатының

тапсырмаларын шешуге бағытталған, қаржы ресурстарын ұйымдастыру әдістерін уақтылы өзгерту жолымен шешеді. Ол өте икемді және реттеуге бейімді.

Қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық тапсырмаларды шешу үшін жағдай жасайды, ал қаржы тактикасы қаржы стратегиясының тапсырмаларын қысқа мерзімде және аз шығынмен шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, кез келген экономикалық субъектінің әрекет желісі екі аргументтің функциясы екендігін естен шығармау керек, олар мемлекет тарапынан дербес шешім қабылдау және реттеу.

Қаржы саясатының әдістемелік **принциптері** болып келесілер табылады:

- түпкілікті стратегиялық мақсатқа пайда болуы мүмкін кедергілер арқылы жету;
- экономиканың барлық салаларында теңгерімділікке, яғни макро және микро теңдікке ұмтылу;
- әрекеттегі объективті экономикалық заңдарды есепке алу;
- бюджетті әзірлеу кезінде қоғамдық өндіріске қатысушылардың барлығының мүдделерін сақтау;
- қаржы қатынастарын жоспарлы ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- қаржы жүйесінің барлық буындарының кірістері мен шығыстарының теңгерімділігі;
- қаржы резервтерін құру;
- қаржы ресурстарын ұтымды бөлу.

Қаржы саясатының принциптері қоғамдық өндіріске қатысушылардың барлығының қоғамның әлеуметтік жігінің мүдделерін сақтауды; қаржы қатынастарын ұтымды ұйымдастыруды; мемлекеттік қаржының, оның ішінде мемлекеттік бюджеттің кірісі мен шығысының теңгерімділігін; қоғам мүшелері үшін мемлекет пен әлеуметтік қорлардың резервтерін құруды талап етеді.

Экономикалық субъектінің қаржы саясатының **мақсаты** – қаржылық тұрақтылыққа, түбінде қаржылық тәуелсіздікке жету үшін, қаржы қатынасы мен қаржы потенциалын пайдалану негізінде, экономикалық субъектінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Қаржы саясатының мақсаты қаржының функционалды тағайындалуын пайдаланудың нақты стратегиялық тапсырмаларын орындау мен тактикалық сұрақтарын шешуде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қаржы саясатының негізгі тапсырмалары келесілер:

1. Теңгерімді мемлекеттік бюджетке қол жеткізу, бюджет тапшылығын болдырмау, мемлекеттік қарыз деңгейін азайту.

2. Қаржы ресурстарын пайдаланудың көлемі мен тиімділігін көтеру, бұл қаржы саясатының экономикаға әсер етуін тексеру үшін критерий болып табылады.

Қаржы саясатын жасау процесінде осы критерийлерді есепке алмау қоғамның өсіп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырудың көздерінің қысқаруына, ақшалай қорлардың жинақталған қаражаттарының ысырабына әкелді.

3. Экономиканың сауықтануы мен құрылымдық қайта құру, ақша массасы мен ақша айналысын оңтайландыру, ұлттық валюта бағамын көтеру.

Экономиканы тұрақтандыру және Қазақстан Республикасының нарыққа өту бағдарламасында экономиканы қаржылық сауықтыру және ақша айналысын қалпына келтіру, тұтынушылық нарықты нормалау, өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз ету, шаруашылық байланысты нығайту бойынша шаралар кешені қарастырылған.

4. Халық шаруашылығының алдыңғы салаларын дамыту, қаржы стратегиясының әлеуметтік бағыттылығы, экономиканы тұрақтандыру негізінде халықтың әл-ауқат деңгейін көтеру. Сонымен қатар халықтың өмір сүру деңгейі өндірістің дамуын, қаржы ресурстарын пайдалану бағыты мен құрылымын анықтайтын фактор болып табылады.

Уақыттың белгілі сатысында, экономикалық субъектінің қаржы саясатының **тапсырмалар** кешені ішкі және сыртқы жағдайларға, қаржы ресурстарының болуына, тауар-ақша қатынастарының даму деңгейіне, мемлекет типі мен басқалай факторларға тәуелді болады. Оларға келесілерді жатқызуға болады:

- экономикалық субъектінің осы даму сатысындағы қаржы ресурстарының ең жоғарғы мүмкін көлемін құру үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;
- экономика салалары арасында және сала ішінде қаржы ресурстарын экономикалық субъект және мемлекет көзқарасында ұтымды бөлу мен пайдалануды белгілеу;
- экономикалық және әлеуметтік процесстерді қаржылық тәсілдермен реттеу;
- қаржы механизмінің экономика жағдайы мен қойылған тапсырмалар өзгергенде серпінді дами алатын моделін жасау, өйткені қаржы саясаты қаржы механизмінің белсенділігін, әсер етудің барлық жетістіктерін пайдаланудың толықтығы арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы саясаты заңдар, президент жарлықтары, үкімет қаулылары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Ұлттық банктің нұсқаулары, министрліктер мен ведомстволардың бұйрықтары мен хаттары, халықаралық келісім шарттар, шаруашылық субъектілерінің жарғылары нысанындағы құқықтық негізге ие.

Қаржы саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының бөлігі болып табылады және мемлекеттің қоғамның білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау облысындағы әлеуметтік дамуына, қоғамның әлеуметтік құрылымына, халықтың әлауқат деңгейін көтеруге бағытталған әлеуметтік саясатымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының экономикалық саясатының әлеуметтік бағыттылығы Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған соңғы жолдауында ерекше аталған. Әлемдік қаржылық дағдарыстың ауыр кезеңіндегі мемлекеттің әрекеті осыны растайды.

Қаржы саясатының келесі типтерін ерекшелеуге болады:

1. Классикалық қаржы саясаты саяси экономиканың классиктері болып саналатын – А.Смиттің (1723-1790) және Д.Рикардоның (1772-1823), сонымен қатар олардың ізбасарларының еңбектеріне негізделеді. Оған мемлекеттің экономикаға араласпауы, нарықтық қатынастардың толық еркіндігі, экономикалық процестерді нарықтық механизм арқылы реттеу тән.

Бұл жағдайлар мемлекеттік шығындарды шектеуге, бюджет тапшылығының болмауына, салық жүйесінің мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің қажеттіліктеріне сәйкес болуына әкеледі. Монетаристер де (классикалық қаржы саясатын жақтаушылар) баға құрылымының нәтижесі болып сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдік табылады деп есептейді.

2. Реттеуші қаржы саясаты Д.Кейнстің (1883-1946) еңбегіне негізделген, онда ел экономикасының дамуына мемлекеттің қаржы құралдарын пайдалана отырып араласу қажеттілігі концепциясы дәйекті түрде сипатталған, ол қаржылық құралдар – толық жұмыспен қамту үшін мемлекеттік шығындар және табыс салықтары, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттің қалыптасқан тапшылығын жабуы керек мемлекеттік несие жүйесі. Сонымен қатар мемлекет ссудалық нарықта белсенді жұмыс істей бастайды.

Кейнсиандық концепция – монетаризмге қарама-қарсы. Ол мемлекеттік реттеу мен экономиканың субъектілерін мемлекеттік қолдауды жақтайды, мемлекеттік шығындарды кеңейтуге және салықтарды төмендетуге, сонымен қатар, айналыстағы ақша массасын ұлғайтумен байланысты несие-ақша экспансиясына негізделген. Мемлекеттік шығындарды ұлғайту өндірістің өсуін, яғни инвестицияны да ынталандырады. Халықтың сатып алушылық қабілеті және тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге деген жиынтық сұранысы кеңейеді, бірақ бұл отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігін көтермейді.

Экспансиондық саясат инфляция тәуекелінің, пайыздық ставкалар мен салықтардың өсуі салдарынан бағаға қатаң бақылау жасауды талап етеді. Салықтық түсімдердің өсуі есебінен мемлекеттік шығындардың өсуі мүмкін, ал ол кеңейтілген өндіріс жағдайында жүзеге асады. Салық ставкаларын көтеру мүмкін емес, өйткені салық салынатын база кеңейеді. Шығындардың өсу қарқынының кірістердің өсу қарқынынан кем болуына мемлекеттік бақылау; орталықтандырылған мемлекеттік инвестициялардың ұзақ мерзімді бағдарламалары керек.

Кейнсиандық концепция бюджет тапшылығы мен инфляцияға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Кейнсиандықтар баға аз қозғалады және сұраныс пен ұсыныс жағдайына тез бейімделе алмайды деп тұжырымдайды. Сату көлемі мен тауарлы-материалдық құндылықтар запасының шама-сы тезірек қозғалады.

3. Неоклассикалық қаржы саясаты ымыралы болып саналады. Ол классикалық та және реттеуші де қаржы саясаттарының принциптерін пайдаланады. Атап айтқанда, бұл саясаттың концепциясы мемлекеттің реттеуші рөлін қабылдайды, бірақ оның экономика мен әлеуметтік сфераға араласуын белгілі дәрежеде шектейді. Неоклассикалық қаржы саясаты мемлекеттің қаржы қатынасын реттеу облысын кеңейтеді. Ол мемлекеттік кірістер мен шығындарды реттеуді ғана емес, сонымен қатар ақша айналысын, валюта бағамын, ссудалық капитал мен бағалы қағаздар нарығын реттеуді де қамтиды. Осы концепцияның қаржылық механизмдерін пайдалану тенденциясы ұлттық кірісті мемлекеттік қаржы жүйесі арқылы қайта бөлуді қысқартуға, бюджет тапшылығын төмендетуге, өндірісті инвестициялаудың көзі ретіне жинақтардың өсуін ынталандыруға әкелді. Неоклассиктер салықтар тізімін, салық ставкаларын, яғни экономикалық субъектілерге жиынтық салық ауыртпалығын қысқартуға шақырады. Бұл субъектіде қалатын пайданың, оның меншікті капиталының ұлғаюына, қаржылық жағдайының тұрақтануына әкелуі керек, сонымен қатар қызметті кеңейту үшін қарыз қаражатынсыз инвестициялаудың мүмкін көзі, ақырында – елдің тұтас экономикалық өсуіне әкеледі.

Аталған тенденция Қазақстанның 2007-2009 жылдардағы мемлекеттік қаржы саясатында көрінеді.

4. Жоспарлы-директивті қаржы саясаты экономиканы басқарудың әкімшілдік-әміршілдік жүйелі елдерге тән. Өндіріс құралдарына деген мемлекеттік меншіктің жоғарғы үлесі мен басқарудың жоспарлы жүйесіне байланысты осындай саясатта экономиканың және әлеуметтік өмірдің барлық сфераларында, ең алдымен қаржыны қатаң директивті басқару жүзеге асырылады. Мемлекетте қаржы ресурстары ең жоғарғы деңгейде шоғырланады, ол мемлекеттің қаржы саясатының мақсаты болып табылады. Бұл ресурстар салалық министрліктер мен мемлекеттің жоспарына сәйкес бөлінеді, ал қаржы механизмі барлық мемлекеттік өндірістік

кәсіпорындардан пайданың еркін қалдығын алады. Бюджеттік шығындар бағыты мемлекеттік жоспарлардың басымдықтары негізінде анықталады. Инвестиция алу үшін белгілі соманы сәйкес жыл жоспарына енгізуге қол жеткізу керек. Егер де босатылған сома жыл соңына дейін жұмсалмаса, ол қайта алынады, сондықтан кәсіпорындар оларды міндетті түрде жұмсауға ұмтылады, басқа жағдайда келесі жылы осы көлемде қаржыландыру мүмкіндігінен айрылады. Соның салдарынан қаржы ресурстарын тиімді жұмсау туралы ойланбауға болады. Қаржыны басқаруды елдің Қаржы министрлігі жүзеге асырады, ал биліктің жергілікті органдары аймақтың мәселелері туралы үлкен ақпаратқа ие болса да, кез келген қаржылық шешім қабылдауда Министрлік монопольды құқыққа ие. Мемлекет бюджеттен экономика мен әлеуметтік сфераның қажеттіліктерін толық қаржыландырады, тауарларға баға, ақша айналымы тәртібін, есеп айырысу жүйесін белгілейді, несие қатынастарын анықтайды. Осылайша, мемлекет қоғамдық өмірдің барлық сферасына экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары көмегімен басшылық жасайды.

Саяси көзқарастар қондырма категориясына қатысты, ол өндірістік қатынастар және өндіргіш күштермен қатар, қоғамдық-экономикалық формацияның үшінші бөлігі болып табылады. Мемлекет пен басқа экономикалық субъектілердің қаржы сферасындағы, құрылған қаржы жүйесі мен ондағы әрекеттегі қаржы механизмін пайдалану бойынша нысаналы бағытты нысандағы әрекеті қойылған тапсырмаларды орындау үшін материалды жағдай жасауға бағытталған. Бұл экономикаға әсер етудің активті құралы.

Қаржы саясатын әртүрлі белгілер бойынша жіктеуге болады, ол белгілер: функционалды тағайындалуы, тапсырма түрі, экономикаға әсер ету дәрежесі.

Қаржы саясатының **функционалды тағайындалуы** туралы айтсақ, онда екі компоненті ерекшеленуге болады:

- бюджеттік саясат;
- несие – ақша саясаты.

Бюджеттік саясат бюджеттік процестегі жекелеген билік органдарының функциялары белгіленген заңды және нормативті актілермен анықталады.

Оны жүзеге асыру процесінде келесілер анықталуы керек:

- мемлекеттік бюджеттің кірістерін құру көздері;
- мемлекеттік бюджеттің жұмсалыу бағыты;
- бюджеттің шығыс бөлігінің құрылымы;
- әртүрлі деңгей бюджеттері арасында бөлінетін шығындар сомасы, дотациялар мен субвенциялар нысанындағы субсидиялар;
- мемлекеттік бюджеттегі республикалық бюджеттің үлесі;
- мемлекеттік қарызды басқару принциптері, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздарын өтеу сомасы мен оны жабу көздері, жаңа заңдарды ұйымдастыру туралы шешім;
- мемлекеттік бюджеттің кіші және орта бизнеске жеңілдетілген несие беруге қажетті қаражат көлемі мен осы жылғы ағымды қарызды өтеу сомасы;
- бюджет тапшылығы мен профициті және оны жабу тәсілдері.

Бюджеттік саясат төмендегілерді қамтиды.

1. Салық жүйесін, салықтар құрамын, салық ставкаларын, әрбір салық түрі бойынша жеңілдіктер мен санкциялар мөлшерін қалыптастыруға бағытталған салық саясатын қамтиды. Ол барлық деңгейдегі бюджеттерге ақшалай қаражаттарды жұмылдырады (фискалдық функция), экономика сфераларының дамуын ынталандырады немесе шектейді (реттеуші функция), шаруашылық субъектілерінің қызметіне бақылауды ұйымдастырады (бақылаушы функция). Салық саясатының басты мақсаты барлық деңгейдегі бюджеттерді қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету.

2. Салық және баға саясатының үйлесімділігін сипаттайтын кеден саясатын қамтиды. Ол ел экономикасына басқа мемлекеттермен өзара байланысу жолымен әсер етеді. Осы саясат арқылы экспорт пен импорт көлемі, отандық тауар өндірушілерді экспортқа ынталандыру, шетелдік өндірушілер үшін экспортты шектейтін тарифті және тарифті емес кедергілерді белгілеу реттеледі. Кеден саясаты отандық тұтынушыны отандық тауарды сатып алуға, ал отандық өндірушіні импортты алмастыруға ықыластандыратын, яғни елдің экономикалық қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық қаржылық әдістерді пайдаланады.

3. Экономиканың инновациялық салаларына, нарықтық инфрақұрылымды тұрақтандыру мақсатында, олардың қызметін қаржылық дағдарыс кезеңінде мемлекет тарапынан қаржылық бақылау деңгейін көтеру үшін, мемлекеттік меншік үлесі бар кәсіпорындар нысанында, сонымен қатар өндірістік емес сфера кәсіпорындарының (мысалы банктер, зейнетақы немесе басқалай дербес ақшалай қорлар, ірі кәсіпорындар және т.б.) жарғылық капиталына мемлекеттік күрделі салымдар бағытын анықтайтын инвестициялық сасатты.

Елде тірілу және экономикалық өсу кезеңінде, нарықтық экономиканың циклдық дамуына мемлекеттік күрделі салымдар үлесі төмендейді, құлдырау және депрессия кезеңінде көтеріледі.

4. Мемлекеттік зайымдар бойынша шетелдік және отандық кредиторлар алдындағы қарыздарын өтеу графигіне сәйкес, олар бойынша тікелей қарыз бен пайыздарды төлеуге бағытталған қаржы ресурстарының ағымды сомасын анықтауда сипатын табатын, мемлекеттік қарызды басқару саясатын қамтиды.

Мемлекеттік қарыздың орындалуына ҚР Ұлттық банкі жауапты ұйым болып табылады.

5. Республикалық және жергілікті бюджеттерге аумақтардан жиналатын жекелеген салықтар мен алымдарды бекітетін бюджеттік бөлу және дербес бюджеттер саясатын қамтиды.

Талдау жергілікті бюджеттердің белгіленген кірістерімен 20% - дан аса мөлшерде қамтамасыз етілетіндігін, ал салықтар мен алымдардың негізі массасының республикалық бюджетке түсетіндігін көрсетеді. Бұл кірістерді орталықтандырулардың жеткілікті жоғарғы деңгейіне, субсидиялардың қажеттілігіне әкеледі, бюджеттік қаражаттардың жан басына шаққандағы мөлшері республикалық деңгейден кем аймақтардың асыранды болу көңілін туындатады.

Несие-ақша саясатында келесілер ерекшеленеді:

1. Ақша айналымының тұрақтылығын, елдегі ақша массасының ұтымды көлемін ұстау және оның құрылымын оңтайландыру, ақша эмиссиясын басқару, инфляцияны реттеу; АҚШ долларын валюталық интервенциялау жолымен ұлттық валюта (теңге) бағамын тұрақтандыру, долларға 150 теңге деңгейінде

девальвациялауды қамтамасыз ету бойынша ҚР ҰБ әрекеттер кешені ретінде ақша саясаты. АҚШ долларының, сыртқы кредиторлар қарызын жабуға байланысты, сыртқа көп кетуі ҚР ақша массасын долларизациялау деңгейі төмендеді. 2009 жылы валюталық интервенция ҚР ҰБ алтын-валюта резервін сақтау мақсатында тоқтатылды.

2. Экономикада уақтылы және үздіксіз есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында банк және парабанк жүйесі субъектілерінің қызметін реттеуге бағытталған несие саясаты. Ол ҚР ҰБ қайта қаржыландыру ставкасын, коммерциялық банктер мен несие беруші басқа ұйымдардың несие ставкаларын, кепілдікпен қамтамасыз ету параметрлерін және несиеелеудің басқалай шарттарын; ҚР ҰБ коммерциялық банктердің ресми резервтер деңгейінің өзгерісін анықтаумен байланысты.

3. Бағалы қағаздар нарығында қаржы нарығы қызметін басқару, эмиссия, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды орналастыру және оларды сату мен сатып алу бағамын реттеу арқылы көрінетін қаржы саясаты.

ҚР заңдылығына сәйкес зейнетақы қорлары сияқты әлеуметтік маңызы зор қаржы құрылымдарының, өздерінің қаржы ресурстарын тек мемлекеттік бағалы қағаздарға салу құқығына байланысты, кірістілігі күрт төмендеді. ҚР барлық дерлік зейнетақы қорлары әрбір салымшы бойынша теріс қалдыққа ие. Осы қорлардың жарғылық қорларына құрылтайшылардың қосымша салымдарды салуы жағдайды өзгерте алады. Салымның толық сомасын алуға ниет білдірген зейнеткер салым жасалынған уақыттан аз соманы алады, бұл мүмкін емес.

4. Мемлекеттің монополистердің, жер қойнауын пайдаланушылардың қызметтері мен тауарларына баға мен тарифтерді реттеу мен түзетуді жүзеге асыратын баға саясаты. Ол жетілмеген бәсекелестік нарығында жекелеген өндірушілердің нарықтық билігінен отандық тауар өндірушіні қорғауға бағытталған. Басқа қалған жағдайларды жетілген бәсекелестік нарығында баға белгілеу еркіндігі принципі әрекет етеді.

5. Халықаралық қатынас сферасында сыртқы мемлекеттік қарызды қалыптастыру және өтеумен, халықаралық еңбек бөлінісімен, халықаралық қаржы ұйымдарының қызметімен

байланысты валюталық-қаржылық және несие қатынастарын басқаруға бағытталған халықаралық қаржы саясаты. Ол әлемнің барлық елдерімен экономикалық байланыстардың нығаюы мен дамуына әсер етеді. Халықаралық ынтымақтастық дамыған елдер мен қаржылық орталықтардан тиімді көмек алуға бағытталған.

Қаржы саясатының алдында тұрған **тапсырмаларға** байланысты, оның үш түрін ерекшелеуге болады:

- экономикалық өсу саясаты;
- тұрақтандыру саясаты;
- іскерлік белсенділікті көтеру саясаты.

Экономикалық өсу саясаты жалпы ішкі өнім көлемін ұлғайту мен жұмыспен қамту деңгейін көтеруге бағытталған қаржылық шаралармен байланысты. Саясаттың ынталандырушы бағыттылығы мемлекеттік шығындардың өсуі мен салық ауыртпалығының төмендеуін талап етеді. Ол құлдырау немесе депрессия кезеңінде бюджеттік жетіспеушілікке әкеліп соқтыруы мүмкін. Экономикалық өсу саясаты ақша жүйесін, өнім бағасын, оның өндірісі мен өткізу шығындарын көтеретін, девальвация арқылы нығайтуды талап етеді, бірақ ол жалақының төмендеуіне байланысты ішкі тұтынуды тежейді. Девальвация импорттың қымбаттауына және экспорттың арзандауына, сыртқы қарыз мөлшерінің өсуі мен оған пайыз төлеу шығындарының өсуіне әкеледі.

Үкіметтің жалпы ұлттық өнім көлемін бұрынғы деңгейде ұстап тұруға ұмтылуы, оның төмендеуіне жол бермеу тұрақтандыру саясаты деп жіктеледі.

Іскерлік белсенділікті шектеу жалпы ұлттық өнімнің нақты көлемін бұрынғы деңгеймен салыстырғанда азайтуға бағытталады және үкімет арқылы серпіліс және инфляцияны тежеу кезеңінде пайдаланылады. Тұрақтандыру саясаты үкіметтік шығындардың азаюы мен салықтардың ұлғаюын қарастырады.

Экономикаға әсер ету дәрежесіне байланысты төмендегілерді ерекшелейді:

- үкімет арқылы тікелей жүргізілетін дискретті саясатты;
- түзілген тұрақтандырушылар көмегімен жүргізілетін дискретті емес қаржы саясатын.

Дискретті емес қаржы саясаты – салық жүйесінің, елдегі экономикалық қызметт, басқарушы органдардың қатысуынсыз реттеу қабілеті. Ол салықтық түсімдер мен мемлекеттік трансферттер өзгерісінің, іскерлік цикл барысын сипаттайтын, таза ұлттық өнім (ТҰӨ) серпініне тәуелділігіне негізделген. Толық жұмыспен қамту бюджетінің көмегімен дискретті және дискретті емес саясаттардың мемлекеттік бюджет жағдайына әсерін саралауға болады.

Егер бюджеттік артық көлем пайда болса, онда салықтарды төмендету керек, егер бюджет тапшылығы пайда болса онда ұлғайту керек, яғни тұрақты мемлекеттік шығындарда салықтарды жергілікті өзгерту керек. Мысалы, өндірістің құлдырауында азаматтардың кірістері мен шығындары төмендейді. Бір уақытта бұл бюджетке салықтық түсімдерді төмендетеді және бюджет теңеседі. Экономиканың көтерілуі жеке және заңды тұлғалардың кірістерінің, салық түсімдері мен халықтың шығындарының өсуіне әкеледі, осының нәтижесінде бюджет тағы да теңеседі.

Салықтық реттеуіштермен қатар, елдің экономикалық жүйесін теңестіретін түзілген тұрақтандырушылар да бар.

Оларға төмендегілерге жатқызуға болады:

Әлеуметтік төлемдер, оның негізгілерінің бірі болып жұмыссыздық бойынша жәрдемақы саналады. Серпіліс кезеңінде резервтік әлеуметтік қорлар құрылады, бұл шығындарды ұлғайтады; құлдырау кезеңінде олар жұмсалады, ол төлем қабілетті сұранысты, тұтынуды көтереді, құлдырауды жеңілдетеді.

Шаруа қожалықтарына көмек бағдарламасы.

Құлдырау кезеңінде төлем қабілетті сұраныс қысқарады және ауыл шаруашылық өніміне деген баға төмендейді, үкімет артық өнімді ала отырып, фермерлерді субсидиялайды. Егер де инфляция басталып, бағалар өссе, онда мемлекет сатып алынған өнімді артық ақшаны ала отырып сағайды. Бұл батыс елдеріне тән құбылыс.

Экономиканы реттеу үшін түзілген тұрақтандырушыларды пайдалану жеткіліксіз, сондықтан дискретті саясатты жүргізу қажет болады.

Дискретті саясат деп салықтар мен мемлекеттік шығындарды ұлттық өндіріс көлемі мен жұмыспен қамтуды өзгерту,

экономикалық өсуді жылдамдату және инфляцияға бақылау жасау мақсатында саналы айла-шара жасау түсіндіріледі. Мемлекеттік шығындардың қысқаруы мен салықтардың көтерілуі мүмкін.

Осындай саясаттың мақсаты – халықтың төлем қабілеттілігін қысқарту, бюджеттік жетіспеушілікті азайту және инфляцияны төмендету. Бірақ бұл экономикалық өсуді тежейді. Сұраныстың қысқаруы өткізу қиыншылығы мен шығарылатын өнімнің өсім қарқынының төмендеуіне, кәсіпорынның мүмкін банкроттығына, қоғамда әлеуметтік қысымға әкеледі.

Дискретті фискалдық саясат тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік трансференттер мен салықтар арқылы жүзеге асырылады. Олардың шамаларының өзгеруі жиынтық шығындардың өзгеруіне әкеледі. Жиынтық сұранысқа әсер ете отырып, фискалдық саясат тепе-теңдік таза ұлттық өнім (ТҰӨ) шамасына әсер етеді. Бұл әсер көбейткіш сипатта болады және мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік трансференттер мен салықтар мультипликаторлары, мемлекеттік кірістер мен мемлекеттік шығындарды бір мезгілде өзгеруінің жиынтық салдарларын өлшейтін теңдестірілген бюджет мультипликаторы көмегімен өзгереді. Дискретті фискалдық саясаттың сипатына экономика жағдайы үлкен әсер етеді. Құлдырау кезеңінде ынталандырушы фискалдық саясат жүзеге асырылады, ал артық сұраныс жағдайында тежегіш сипатта болады.

Дискретті қаржы саясатының негізгі құралдары келесілер:

- қоғамдық жұмыстар;
- әлеуметтік бағдарламалар;
- мемлекеттік тапсырыстар;
- үкіметтік сатып алу;
- мемлекеттік инвестициялар;
- трансферттер мөлшерін өзгерту;
- салықтарды басқару.

Дискретті қаржы саясатының ерекшелігі оның кешігуінде. Мысалы: мемлекеттік органдар елдегі дағдарыс жағдайын, дағдарыс келген кезде біледі және сол кезде тұрақтандырушы бағдарламаларды жасауға кіріседі. Осы бағдарламалар жүзеге асқан кезде, оған деген қажеттілік болмайды.

Қоғамдық жұмыстар дискретті саясаттың тиімсіз құралы болып табылады, ал әлеуметтілік қажеттіліктерге деген мемлекеттік шығындарды жағдай жақсарған кезде тоқтату қиын. Үкіметтік сатып алу, мемлекеттік тапсырыс пен инвестициялар экономика салаларының дамуын ынталандырады, ол экономиканың тірілуіне әкеледі. Салықтар, алымдар мен баждар, салық заңдылығы негізінде, бюджет немесе бюджеттен тыс қорларға міндетті жарна болып табылады.

Фискалдық (салық) саясат қаржы саясатының бөлігі ретінде мемлекетте алынатын салықтар мен басқалай міндетті төлемдер, оларды құру нысаны мен тәсілдері жиынтығы жүйесі болып табылады. Салық салу объектісі болып кірістер, тауарлардың құны, қызметтің жекелеген түрлері, жер мен табиғат ресурстарын пайдалану, қосылған құн саналады.

Тікелей салықтар кіріске, мүлікке, қызмет түрлеріне белгіленеді. Жанама салықтар тауардың құнына немесе қосылған құнына белгіленеді.

Салық салу принциптері төмендегідей:

- бір салық базасына бір рет салық салу;
- салық ставкаларын дифференциациялау;
- салықтарды төлеу процедураларының қарапайымдылығы;
- салық жүйесінің икемділігі;
- құрылатын таза ұлттық өнімді әділ бөлуге салық жүйесінің қатысуы.

Фискалдық саясат алу саясаты ретінде салық жүйесін құру принциптеріне сәйкес келуі және салық салуды мемлекеттік басқарудың үш функциясын жүзеге асыруы керек. Олар:

- мемлекеттік шығынның барлық көлемін жабуды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік теңдікті кірістегі теңсіздікті реттеу жолымен қолдау;
- циклға қарсы, инфляцияға қарсы, салалық, аймақтық макро және микро деңгейдегі реттеуді қамтамасыз ету.

Фискалдық саясат тікелей салықтарға, жеке тұлғалардың иелігіндегі кіріс көлемі мен заңды тұлғалардың инвестиция көлеміне, ал жанама салықтар арқылы тауарлар бағасына және сұраныс пен тұтыну деңгейіне әсер етеді.

Кедендік баж салығы мен кедендік төлемдердің өсуі импорттың қымбаттауына, уақыт өткен соң отандық тауарлардың қымбаттауына, сыртқы сауда айналымының бәсеңдеуіне әкеледі. Баж салықтарының төмендеуі ішкі нарықтағы бәсекелестікті шиеленістіреді, сыртқы сауданы белсінді етеді.

Фискалдық саясатты жүргізудің бірқатар ерекшеліктері бар. Бір жағынан, заңды органдарға салық ставкаларын өзгерту қажеттілігін дәлелдеу қиын. Келесі жағынан құлдыраудан өткеннен кейін салықтарды көтеру қиынға соғады. Тұтас алғанда, үкімет ел экономикасына әсер етудің күшті құралына ие және оларды үнемі нығайта отырып тиімді пайдалануы керек деген тұжырым жасауға болады.

XX ғасырдың соңында әлемдік жалпы ішкі өнімдегі қаржы секторы үлесінің өсу тенденциясы пайда болды. Активтер құрамында жалған капитал үлесі үлкен. Бұл жалған капиталдың нақтыдан алшақтауына әкеледі, қаржы жүйесінің функциясын нақты экономикаға қатысты екінші жоспарға жылжытады.

Әлемдік қаржы дағдарысы әлемнің бірқатар елдерінде қаржы ресурстарын біліксіз басқарылғандығын, қаржы саясатының жеткіліксіз жоғарғы деңгейін көрсетті. Әлемдік қаржы жүйесі дағдарысқа дейінгі кезеңде, оған келіп түскен капитал көлемін қорытуға қабілетті болмады. 2006 жылдың соңында әлем қауіпті белгіге жақындады, оның соңынан қор индекстерінің құлдырауы, қаржы институттарының банкроттығы және рецессия басталды. Дағдарыс жаһанды апатқа ие болды. Халықаралық есеп банкінің мәліметтері бойынша 2008 жылдың маусым айында туынды қаржы құралдарының (дериваттар) жалпы шартты құны 684 триллион долларды құрады, ол әлемнің барлық елдерінің ЖІӨ сомасынан 12 есеге көп болды.

Жалған ақшалар экономиканың нақты секторынан алшақ елес болды. Олар шоғырландырылған артық пайданы, артық кірісті көрсетеді және алып сатарлық нарыққа қатысушы қаржы делдалдарының үлкен санымен басқарыла отырып, аз тұлғалардың иелігінде болады. Несие ресурстарын белсенді пайдаланатын сәлалар зардап шекті.

Қаржы дағдарысының маңызды құраушылары төмендегілер:

- асқын энергиялы несиелер;
- камсыз несиелер;
- тәуекелдерді басқарудың кең тараған құлауы.

Әлемдік қаржылық дағдарыс мәліметтерінің талдауы, мемлекет пен әрбір шаруашылық субъектісінің меншікті қаржы саясатының деңгейін бағалау, ұлттық және әлемдік қаржы жүйесінде жаңа қаржы механизмін қалыптастыруға әкелуі керек.

Фискалдық саясат – экономикалық дамуды тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік бюджетке саналы айла-шарғы жасау.

Джон Кейнс және оның ізбасарлары фискалдық саясатты экономикалық өсуге, жұмыспен қамту деңгейіне, баға серпініне, тепе-теңдік ТҰӨ-ге жиынтық шығындарды, яғни жиынтық сұранысты өзгерту арқылы мемлекеттік әсер етудің ең тиімді құралы ретінде қарастырды.

Фискалдық саясаттың тиімділігі ағымды экономикалық жағдайлар қажеттілігі қатынасында уақытша кешігу нәтижесінде, оны саяси мақсаттарда, бірқатар халықаралық факторларды пайдаланудан төмендеуі мүмкін.

Ұсыныс экономикасы теориясын жақтаушылар салық ставкаларын төмендету жиынтық ұсынысты ынталандыруы мүмкін, яғни бюджеттік жетіспеушілікті қысқартады деп тұжырымдайды. Бірақ бірқатар экономистер, жиынтық ұсынысты өзгерту үшін ұзақ мерзімді кезең қажет болуы мүмкін, сондықтан бұл жағдай болмауы да мүмкін деп есептейді.

Қаржы саясаты қаржы ресурстарының көлемін және пайдалану тиімділігін көтеруге, халықтық өмір сүру деңгейін шаруашылықты дамыту негізінде көтеруге қол жеткізу мен өндіріс тиімділігін көтеруге бағытталуы тиіс.

Халықтың өмір сүру деңгейі өндірістің дамуын, қаржы ресурстарын пайдалану бағыты мен құрымын анықтайтын шама болып табылады.

Қаржы саясатын жасау кезінде нақты тарихи жағдайларды, экономиканың қаржылық мүмкіндіктерін есепке алу керек. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінің қаржы саясаты өзінің мінездемелік белгілеріне ие, тапсырмаларды экономиканың жағдайын есепке ала отырып шешеді, бірақ бірінші кезекте инфля-

цияны төмендету, тұрақты төлем балансын ұстап тұру, тауар мен қызметтерді ақырғы тұтынудың өсу, капиталды жинақтау тапсырмалары тұрады.

Қазақстан Республикасының жақын кезеңдегі фискалдык саясатының тапсырмалары болып төмендегілер сақталады:

- салық заңдылығы мен әкімшілендіруді жетілдіруі;
- мемлекеттің мұнайдан түскен кірістерін ҚР Ұлттық қоры арқылы пайдалану механизмін жетілдіру;
- шығындарды бюджеттік бағдарламалар спектері бойынша жабуды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;
- даму бюджеті бойынша инвестициялық жобаларды дайындау, қарастыру, таңдау процесін реттеу;
- бюджет жүйесі деңгейлері арасында бюджетаралық қатынастарды жетілдіру.



Қазақстан Республикасының қазіргі қаржы саясатының ерекшеліктері

Нарықтық экономика жағдайында қаржы саясатын жүзеге асыру мемлекеттің әрекеттерінің жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Оның мақсаты қаржы ресурстарын шоғырландыру, оларды әртүрлі мерзімде, мемлекеттік функциялар мен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бөлу мен қайта бөлу. Экономикалық субъектілер үшін демократиялық мемлекетке тән белгі болып табылатын, еркіндіктің үлкен дәрежесіне байланысты, олардың өз әрекеттері үшін жауапкершілік дәрежесі де өседі және ол осы әрекеттер мемлекетпен белгіленген нысандар мен қаржы қатынастарының нормаларымен салыстыру арқылы тексеріледі.

Басқарудың кез келген деңгейінде экономикалық субъектінің мақсаты қаржы ресурстарының ең үлкен мүмкін көлемін қалыптастыру, ол экономикалық өсудің әртүрлі шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қаржы саясатын қалыптастыру экономикалық субъектінің, мемлекеттің қаржылық жағдайы туралы ақпараттың шынайы болуын талап етеді. Статистикалық ақпарат анық, үздіксіз, уақтылы және қол жеткізерліктей болуы керек.

Қазақстан Республикасының қазіргі қаржы саясатына тән белгілерге (принциптеріне) келесілер жағады: кәсіпкерлік еркіндігін мойындау, шаруашылықтың әртүрлі нысандарын жүргізу, мемлекеттік меншікті жекешелендіру және аралас экономикаға өту, мемлекеттің директивті жоспарлаудан бас тартуы, бюджеттік қаражаттарды беру тәртібін өзгерту, отандық тауар өндірушілерге әлемдік нарыққа шығу мүмкіндігін беру және экспортты ынталандыру.

Қазақстан Республикасында бюджет тапшылығын жабу үшін мемлекеттік несие жүйесі, мемлекеттік зайымдардың нарықтық нысандары пайдаланылады, бюджеттік жүйе қайта құрылады; трансферттік төлемдер жүйесін жекелеген аймақтардағы жан басына шаққандағы бюджеттік шығындар талдауы негізінде қолданады. Қаржы ресурстарын қайта бөлу әртүрлі деңгейлердің субъектілері (тік) және бір деңгей субъектілері (көлденең) арасында жүргізіледі. Мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары құрылады, қаржы, ақша, сақтандыру, депозит, несие нарықтары, бағалы қағаз нарығы қызмет етеді.

Салық кодексі халықаралық стандарттарға жақындау және салық ауыртпалығын төмендету мақсатында жыл сайын өзгертіледі. Экономиканың құрылымдық қайта құруы жүзеге асырылады. Мемлекеттік тапсырыстар конкурс негізінде бөлінеді. Бағалы қағаздар нарығы дамуда, мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілігін көтеру бойынша шаралар қабылданады. Зейнетақы қорларына бағалы қағаздар қоржынын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бағалы қағаздары есебінен әртараптандыруға рұхсат берілген. Бәсекелестік деңгейін көтеру мақсатында монологияға қарсы заң жетілдіріледі.

Банк секторында инфляцияға қарсы күрес несие саясатын қатандату жолымен жалғасуда. Мемлекеттің инвестициялық саясаты жетілдіріледі: негізгі мемлекеттік күрделі салымдар елдің экономикасы үшін базалық болып табылатын салаларға, инновациялық технологияларға бағытталады.

Қаржылық көмек көрсетіліп отырған ауылшаруашылық салаларынан басқа залалды кәсіпорындарға дотация беру тәжірибесі тоқтатылды.

Мемлекеттік қарызды, оның ішінде сыртқы қарыздарды қысқартуға бағытталған саясат жүргізілуде.

Жыл сайын зейнетақы мен жәрдемақы, зейнетақының негізгі сомасын күрт өзгерту және базалық зейнетақыны индексациялау жолымен, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің жалақы деңгейі көтеріледі.

Қазақстан Республикасының қаржы саясаты анық сипатталған әлеуметтік бағытқа ие, әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында да әлеуметтік сұрақтарды шешуді Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев алдыңғы орындардың біріне қойып отыр. Енді мемлекеттің әлемдік қаржылық дағдарыс басталғаннан бергі әрекетін қарастырайық.

Қазақстан алғашқылардың бірі болып дағдарыс кезеңінде жаңа мемлекеттік саясатты ұсынды. Ел үкіметі экономиканың бірқатар салаларына қолдау көрсетті: үлескерлер мәселесі, ауыл шаруашылығы, кіші және орта бизнес үшін бюджеттен 4 млрд. доллар бөлінді. Қабылданған шаралар қаржы нарығындағы мен экономикадағы ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Қ.Р Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі және үкімет 2009-2011 жылдарға экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бойынша біріккен әрекеттер жоспарын жасады. 2009-2011 жж. жоспарына сәйкес ұлттық қордан 10 млрд доллар бөлу қарастырылған.

Теңгенің бағамын ұстап тұру үшін ҚР ҰБ 2008 жылдың төртінші тоқсанынан бастап алтын-валюта резервінен валюталық интервенция, яғни долларды валюта нарығында сату үшін 6 млрд. доллар алынды. Әлемнің көптеген елдері ұлттық валюталарын девальвациялады, Қазақстанда теңгенің девальвациясы жүргізілді. Бұл отандық тауар өндірушілердің тауарларын өткізуді жеңілдетті, өйткені бағалар импорттық бағалардан төмендеп кетті; өндіріс көлемін сақтады, жұмысшыларды жұмыстан босатудан, елді жұмыссыздықтың өсуінен құтқарды. 2008 жылдың қазанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев үкіметке маңызды басымдықты тұрақтандыру жоспарын жасауды тапсырды, олар: қаржы секторын тұрақтандыру, жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешу, кіші және орта бизнесті қолдау, АШК ын-

таландыру, инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру. Мемлекет басшысы бизнеске жұмыс орындары мен азаматтардың кірістерін сақтау туралы өтініш жасады. Мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттары келесілер болды:

1. Мемлекет стратегиялық салаларды инвестициялауға бағыт алды. Салық, бюджет, әкімшілік кодекстері өзгерді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

2. Тұрақтандырушы жоспар негізінде мемлекет экономиканы инвестициялауға 2,2 трлн. теңге немесе ЖІӨ 20% бөлді. 480 млрд. теңге қаржы секторын тұрақтандыруға бөлінді, бұл қаржы мекемелерінің өтімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

3. Республикада стрессті активтер қоры құрылды, оның тапсырмаларына отандық банктердің несие қоржынын, олардың күмәнді активтерін сатып алу жолымен жақсарту және одан әрі оларды басқару енді.

4. Тұрақтандыру жоспарын жүзеге асыруға бөлінген қаржылық қаражаттардың негізгі операторы – «Самұрық-Қазына» ұлттық әлаукаг қоры жұмыс істей бастады.

5. АШК дамытуға елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және астықтың, еттің, көкөністің болашақ экспорт мүмкіндіктері үшін 120 млрд. теңге бөлінді.

6. 120 млрд. доллар кәсіпорындары жаңғыртуға бөлінді.

7. Үкімет жаңа жолдар мен электр желілерін салуды жоспарлады, бұл экономиканың дамуы үшін мульти әсер берер еді, бәсекелестік қабілеттің өсуіне қадам жасады.

Мемлекет үш негізгі мұнай өңдеу зауыттарының капиталына енді, осының арқасында ел ішінде жанар жағар май бағасын бақылауға мүмкіндік пайда болды. Дағдарысқа қарсы бағдарлама әлсіз секторларға инвестиция жасауды қарастырды, олар: қаржы, құрылыс, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі, индустриялы-инновациялық және кәсіпкерік секторлар.

Бөлінген қаражаттар отандық экономиканы әртараптандыру үшін жеткіліксіз болды, бірақ олар мульти эффект беруі керек, ол ЖІӨ көлемін ұстап тұруға көмек берер еді. 2008 жылы пайдалануға елдің тоғыз облысынан 19 жаңа кәсіпорын берілді, оның ішінде Қарағанды қаласындағы металлургиялық кремний өндіру зауы-

ты, Ақтөбе облысындағы базальтты талшық өндіру кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысындағы текстиль фабрикасы бар және көлік сферасында бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

Ұлттық қор қаражаттары қоғамдық пайдаланудағы инженерлік инфрақұрылым мен коммуникацияны қайта құру мен жетілдіруге, жол құрылысы мен аймақтардағы коммуналды тораптарды жаңалауға пайдаланады.

Алғаш рет қабылданған үш жылдық бюджет экономиканы басқару деңгейін көтерді және дефолттан құтылуға, елдегі инвестициялық климатты жақсартуға, мемлекеттік қарыздың құрылымын өзгертуге мүмкіндік берді.

Жалпы ішкі өнімнің - 5-7 % аралығында өсу қарқыны және жан басына 12000 доллар деп болжануы 2009 жылың болжамды көрсекіші болды. 2011 жылы ең төменгі жалақы өмір сүрудің минимумы 16 000 теңгеге тең болады деп жоспарланды. Бюджеттік сфера жұмысшыларының жалақысын 2009 жылы 25% -ға және 2011 жылы 30% көтеру тапсырмасы қойылды. Осындай үйлесімділікте зейнетақыны, студенттік шәкіртақыны, жәрдемақыларды көтеру қарастырылды.

2008 жылдың қорытындысы төмендегідей болды: мемлекеттік қазынаға зайымдарды қоспағандағы түсім – 4 трлн. 40,5 млрд. теңге (жоспардың 99,5 % -ға орындалуы); шығындар 4 трлн. 373,8 млрд. теңге (жоспардың 99 % орындалуы); жоспар бойынша тапшылық- 359,5 млрд. теңге, нақты – 332,2 млрд. теңге; тау кен руда секторынан кооперативтік табыс салығы бойынша кірістер толығымен алынбады (жоспар бойынша 47 млрд. Теңге, нақты – 4,6 млрд. теңге); қосылған құн салығы бойынша 109,4 млрд. теңге алынбаған; елдің 13 ірі кәсіпорындары өндіріс көлемін 2007 жылға қарағанда 16% -ға қысқартты; инфляция төмендеді (2008 жылдың 11 –ші айына 19,2 % құрады, ал 2007 жылы-18,8 % құрады); төлем балансы оң қалдықпен қалыптасты, яғни экспорт импорттан асты; ұлттық банктің алтын-валюта резерві өсті. Банк жүйесінде банкроттық болмады, халықтың банктерге деген сенімі сақталды, жеке тұлғалардың депозиттері өсті, доллар мен евроны жаппай сатып алу жағдайы болмады.

Жаңа салық кодексі кәсіпкерлерге 360 млрд. Теңге көлеміндегі босандықты әкелді, яғни мемлекеттік шығындардың 12% немесе жалпы ішкі өнімнің 2,3%. Жұмыс орнын сақтаған жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындарға салықтарды төмендетілген коэффициентпен белгілеу қарастырылды. Салық процедуралары жеңілдетілді, көптеген әкімшілік кедергілер жойылды.

2008 ж. Республикада ЖІӨ өсімі 3,1%, жұмыссыздық деңгейі – 7%, инфляция деңгейі – 9,5% құрады. 2009 жылы ЖІӨ өсімі 2%, жұмыссыздықтың деңгейі 8%, инфляция деңгейі 9 %-ға болжанды.

Экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бойынша біріккен әрекеттер жоспары қаржы секторын тұрақтандыруды, кіші және орта бизнесті қолдауды, АШК дамытуды, жылжымайтын мүлік нарығын дамытуды, экономиканы әртараптандыруды, жұмыспен қамтуды қанағаттандыру мен халықтың әлеуметтік әлсіз жігін қолдауды қанағаттандыруды қарастырды.

Үкімет, ҚР ҰБ мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (ҚҚА) қаржы жүйесінің тұрақты қызмет етуін қанағаттандыру мен экономиканың нақты секторын несиелеу үшін жағдай жасауға ұмтылды.

ҚР ҰБ екінші деңгейлі банктерге (ЕДБ) заемдар беруді; банктерге кепілсіз несие беруді, оларда өзінің депозиттерін орналастыру мүмкіндігін қарастырды.

ҚР ҰБ екінші деңгейлі банктердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін кепілдендіру жүйесін жасады, бірақ ҚР ҰБ ұсынған банкаралық міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді өтімділік пен келдіктер көлемі екінші деңгейлі банктердің меншікті капиталының 50% -нан аспады.

ҚҚА отандық қаржы нарығын реттеуді күшейтті, қаржы мекемелерінің капитал жеткіліктілігін бағалау әдістерін жетілдіруді, проблемалы активтерді тексеру тәртібін қатандатты, тәуекел менеджментіне талапты күшейтті, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің акционерлерінің жауапкершілігін көтеру мен салымшылардың мүдделерін қорғауды есепке ала отырып, қызмет етуінің жаңа механизмін жасады.

Мемлекеттік қарыз құралындағы міндеттемелердің маңызды үлесі шетелдік валютада болғандықтан, ҚР ҰБ және үкімет төлем балансы мен теңгенің айырбастау бағамының жағдайына тұрақты мониторинг жүргізді. Тұрақтандыру шараларымен қатар болашақта дамуға қолайлы инвестициялық климатты сақтау мен экономиканың экспортқа бағытталған салаларына жобаларды өткізу арқылы негіз қаланды. Корпоративтік табыс салығы (КТС) 30% -дан 15%-ға дейін, ҚҚС 12 % -ға дейін төмендетілді, алып тастаулар жүйесі ырықтандырылады.

Бюджеттік саясат мульти әсерге ие жобаларды қаржыландыруға және халықтың жұмыспен қамтылуына бағытталды. Үкімет және “Самұрық-Қазына” Ұлттық әл-ауқат қоры” (ҰӘҚ) бюджеттік қаражаттарды жұмсауға бақылауды күшейтті. Валюталық интервенция аз болғанымен, валюталық резерв деңгейі бұрынғысынша жоғары болды. Жұмысшыларды қысқартуға мәжбүр болды, дегенмен оларды басқа сфераларға орналастыруға тырысты.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) Қазақстанда ЖІӨ-нің 1% өсімін, төлем балансының тапшылығын болжады; банктерді тексеруді көтеруді, банктердің шетелдегі активтерін есепке алудың ашықтығын, банктердің өтімділігін шетелдік валютада қуаттандыру қабілетін дамытуды, ҰӘҚ арқылы дағдарысқа қарсы бағдарламаны қаржыландыру үшін облигация шығаруды, бюджет шығындарын қысқартуды ұсынды. Бюджет шығындарын қысқарту әлеуметтік бағдарламалар есебінен жүргізілмеуі керек. Несиелеу көлемі төмендегенімен, тұтас алғанда отандық банктер қатты зардап шеккен жоқ. 2008 жыл күзінде бірқатар банктер өздерінің сыртқы міндеттемелері бойынша есеп айырысты.

Қазақстан әлемдік дағдарыспен емес, оның ел экономикасына әсерімен күресті. Ел экономикасында көрініс тапқан несиелік банктік дағдарыс пайда болды. Үкіметтің көмегі банк секторын емес, экономиканың нақты секторын қолдауға бағытталды. ЖІӨ төмендетуге жол бермеу мақсаты қойылды, ал банктер экономикаға ақша түсіру каналы ретінде ғана қызмет етті.

Қазақстанның коммерциялық банктері ТМД-ның көптеген елдерінің коммерциялық банктері сияқты несиелеу үшін халықтың депозит түріндегі қаражаттарын тартудың орнына шетелдік қаржы

мекемелерінің қарыз есебінен тартты. АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыс Қазақстаннан капиталдың ағымына, банк жүйесінің өтімділігінің азаюына, несиелеудің тоқтау қорқынышына, өндірістің құлдырауы мен теңгенің жылдам девальвациясына әкелді. 2007 жылдың тамызында ҚР ҰБ коммерциялық банктерге қайта қаржыландырудың жылдық ставкасымен 18 млрд. доллар берді. Осыған қарамастан барлық банктер несие беруді тоқтатты. ҚР ҰБ алтын-валюта резерві 17-ден 22 млрд долларға ұлғайтылды, ал ұлттық қор ақшасымен бірге 52 млрд долларға жетті. Екінші деңгейлі коммерциялық банктердің депозиттері 2008 жылы 22%-ға өсті.

Пессимистік көзқарастағы сарапшылардың бірқатарлары 2009 жылы Қазақстан банктері өздерінің мүмкіндіктерін сарқып, банкроттыққа ұшырайды деп болжаған болатын. ҚР ҰБ бағалауы бойынша сыртқы қарызға қызмет көрсетуге 2009 жылы 10,6 млрд. доллар қажет болды. Біздің банктерге бейрезиденттердің қарызы 21,5 млрд. долларға бағаланды. Қарыз құрылымы төмендегідей болды: 60,4 % -бейрезиденттердің ссудалары, 27 % -депозиттер және 11,3 % қарыз бағалы қағаздар (облигациялар).

Банк жүйесінің тұрақтылығына жауап беретін ҚР ҰБ банк секторының қысқа мерзімді өтімділігін қолдау үшін операцияларды активті жүргізуді бастады. Қайта қаржыландыру ставкасы 11 ден 10,5% -ға төмендетілді, екінші деңгейлі банктер үшін міндетті резервтер нормасы екі рет төмендетілді, 70 млн. доллар шамасында бірқатар басқа операциялар жүргізілді және 350 млрд. теңгеге қосымша ақша массасын босатуға мүмкіндік берді. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша орнын толтырудың кепілдендірілген сапасы 700 мыңнан 5 млн теңгеге ұлғайтылды. Бұл үшін ҚР ҰБ жеке тұлғалардың Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының капиталын 100 млрд. теңгеге ұлғайта отырып, мүмкіндік берді.

Мемлекет банктердің акцияларының бөлігін сатып алды. Бұл екінші деңгейлі банктерді ұлт меншігіне айналдыру қаупін туғызды. Бірақ банк капиталындағы алынған үлес, мемлекет, олардың қызметін бақылауға ұмтылады деп айтуға болатындай соншалықты үлкен болмады. Бөлінген ақшаның 75% -ы

артықшылықты акцияларды сатып алу мен заемдарды ұсынуға жұмсалды. Бұл мемлекеттің банктерді өз қолына алу қалауының жоқтығын дәлелдеді. Банктердің жарғылық капиталына 4 млрд. доллар салынды; мемлекет 1 млрд. долларды стрессті активтер қорын құруға бөлді, оның тапсырмаларына отандық банктердің несиелі қоржынын күмәнді активтері сатып алу және соңынан оны басқару жолымен жақсарту енді. Қорды капитализациялауға 52 млрд. теңге бөлінді, ал 2009 жылы оның жарғылық капиталын республикалық бюджет қаражаттары есебінен 122 млрд. теңгеге жеткізу қарастырылды.

Бұл жерде ұлт меншігіне айналдыру туралы сөз болмады. Жоба мемлекеттің банк капиталына жаханды қатысуын қарастырды, мемлекеттің акцияларын дағдарыстан кейінгі кезеңде кері сатып алуға болады. Жекелеген банктер жеткілікті қаражаттары болғандықтан мемлекеттің көмегімен бас тарта алды.

2009 жылы ҚР ҰБ сыртқы кредиторларға таза қарызы 23,6 млрд. долларды, басқа секторлардың таза қарызы 35,7 млрд. долларды құрады.

Алматы және Астана қалаларында құрылыс саласын несиелеу тапсырылған «ТуранАлем» банкіне және ауыл шаруашылығын, кіші және орта бизнесті несиелейтін «Альянс Банкке» ерекше көмек көрсетілді.

2007-2008 жылдарда ҚР ҰБ теңгенің долларға қатынасындағы валюталық бағамын ұстап тұру үшін ішкі валюта нарығында валюталық интервенцияны жүргізді, ол алтын-валюта резервін азайтты. Соңынан ол толықтырылды, бірақ ең жоғарғы деңгейге (2003 жылдың шілдесінде 23 млрд. доллар) қол жеткізілмеді.

«Еуразия Банкі» өз клиенттеріне жағдай жасады, ол ипотекалық зайымдар бойынша комиссиялық сыйақыны 1 жылға алып тастау туралы шешім қабылдады.

Бұл акция үшін 2,5 млн. доллар көлеміндегі қаражат бөлінді. «Еуразиялық Банктің» өтімділігі жоғары. Банктің меншікті капиталы 2008 жылы 20-дан 24,6 млрд. теңгеге, жарғылық капиталы 8-ден 12 млрд. теңгеге өсті. Банк бірлестірілген заемның екінші басылымын (40 млн. доллар) өтеді және оның сыртқы қарызы қалмады. Сонымен қатар жарғылық капиталын екі еселеу жоспарланды.

Несиемен беру шарты қатаңдатылды, несиелі бойынша ставкалар көтерілді, бірақ бірқатар банктер өздерінің клиенттеріне төменді пайыздағы несиелі ұсынды. Мысалы «НұрБанк» «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен келісім жасай отырып, кіші және орта бизнесті төменгі пайызбен несиелеу мүмкіндігіне ие болды. Қордың акционері болып «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ табылады. Бұл ҚР үкіметі кіші кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүргізген жалғыз дамудың мемлекет-институты. «НұрБанктің» жобасына қордың үлесті қатысуы түпкілікті пайыздық ставканы маңызды төмендетті, өйткені қор қаражаттары сыртқы қаражаттарға қарағанда арзан болды.

ҚҚА банк қызметтерін бақылауды күшейе бастады. Егер де банк қызметінде теріс тренд байқалса, мемлекет оның дауысты акцияларының 30%-на жуығын мәжбүрлі түрде сатып алды және банкті басқару процесіне қатысты. Ұлттық қор арқылы бөлінген 10 млрд. доллардың 5 млрд. доллары «Самұрық-Қазына» арқылы банк жүйесіне түсті. Үкімет экономиканың нақты секторының негізгі кредиторлары болған банктерге ереше көмек көрсетті. Мысалы 3,5 млрд. доллардың 1 млрд. доллары 4 отандық банктің («БТА», «Казкоммерцбанк», «Халық банк», «Альянс банк») жарғылық капиталына дауысты акцияның 25% сатып алуға түсті, ал қалғаны экономиканың нақты секторын несиелеуге: «Халық Банкіне» - 500 млн. доллар; «Казкоммерцбанкке» - 330 млн. доллар, «Альянс Банкке» - 370 млн. доллар, «БТА» - 2,3 млн. доллар жұмсалды.

Қордың акцияларын сатып ала отырып банктер қормен жауапкершілік пен тәуекелді бөлісті. Мемлекет банктерге ашылған несиелер бойынша ставкаларды өзгертуге тыйым салды.

Халықаралық қарыз нарығына қол жеткізудің шектеулілігіне қарамастан Қазақстандық банктер 2008 жылы сыртқы қарызбен жеңісті орындады, несиелі беруді жалғастырды. 2008 жылы республика бойынша 72 трлн. теңге берілсе, депозиттер 5-трлн теңгеге дейін, яғни 75%-ға өсті.

Банк жүйесінің жағдайы күн сайын қарастырылды, қалыптастырылған мәжбүрлі шығын көлемі несиелі қоржынына баламалы болды, пайдалылықтың белгілі деңгейі сақталды. Бірде бір банк ішкі де, сыртқы да міндеттемелер бойынша банкроттыққа жол бермеді.

ҚР ҰБ коммерциялық банктерді маңызды көлемде ұзақ мерзімді несиелеуден бас тарту туралы шешім қабылдады. Ол 2007 жылы монетарлық операциялардан 50 млрд. теңге көлемінде таза кіріс алды, ал операторы ҚР Ұлттық банкі болып табылатын Ұлттық қордың кірістілігі 9,2% құрады.

Ислам банкі жүйе ретінде Қазақстан үшін жаңа зайымдардың көзі болуы мүмкін еді. Бұл әлемдік қаржы нарығының дағдарыспен қақтығыспаған ең тез өсетін сегменті. Ислам банктерінің жиындық активтері 2009 жылы 800 млрд. АҚШ долларын құрап, орташа жылдық өсуі 15%-ды құрады. Бірақ Исламдық қаржыландыру өнімдерін талдау Қазақстандық заңдар шеңберінде олардың көпшілігінің мүмкін еместігін көрсетті, олар: ішімдік өнімдері, қару жарак, құмар ойын сферасы өндірісін қаржыландыруға тыйым салу. Сонымен қатар Ислам банктері пайызсыз негізде жұмыс істейді, банктердің сауда операцияларына қатысуы мен пайданы өз клиенттерімен бөлісуін талап етті. Қазіргі кезде әлемнің 38 елінде 300-ден аса ислам банктері қызмет етеді.

Елдегі экономикалық өсу сұрақтары мен ҚР ҰБ үшін қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру басым болып табылды, сондықтан 2009 жылы ол "жұмсақ" ақша саясатын жүргізді.

Шетелдік рейтинг агенттіктері Қазақстан банктерінің несие рейтингтері мен Қазақстанның тұтас рейтингін Қазақстандық компаниялардың акцияларының құнын, оларды арзан бағамен сатып алу үшін құлдыратуға тырыс отырып, олардың несие рейтингтерін төмендетті. Президенттің нұсқауы бойынша "Самұрық - Қазына" тұрақты дамыту қоры оларды сатып алды.

Әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде Қазақстан Үкіметі бизнеске де, ел халқына да көмек көрсетуге тырысты. Бизнес сферасында салық ауыртпалығын төмендету маңызды бағыт болып қалды.

Қазақстанның қаржы саясатының маңызды сегменті бюджеттік саясаттың бөлігі ретіндегі салық саясаты болып табылады. «Мемлекеттік бюджет туралы» Заң алғаш рет үш жылға (2009-2011жж.) қабылданды.

2009 жылғы Салық кодексі бірқатар салықтардың ставкаларын маңызды қысқартуды, салықтық әкімшілік жүйесін жетілдіруді, экономиканың шикізат секторына жалпы ауыртпалықты

төмендетуді, сонымен қатар өндіруші сектордан қайтарымды көтеруді қарастырды.

Елдегі экономикалық өсу әртараптандыруға және экономиканың жаңа салаларына инвестиция жасауға негізделген.

2009 жылы экономиканың шикізат секторына салықтарды төмендету нәтижесінде корпоративтік табыс салығы екі есе азайды; ҚҚС салынбайтын айналымның ең төменгі көлемі екі есеге ұлғайды, әлеуметтік салықтың бірыңғай ставкасы енгізілді. Салық ауыртпалығын азайту қосымша 35 млрд. долларды босатты, оны кәсіпкерлер бизнеске сала алды.

Республика бірінші болып мұнай секторына түскен кірісті шоғырландырған және мұнай бюджеті негізінде тұрақтандырушы, жинақтаушы функцияны атқаратын ұлттық қорды құрды.

Экономиканы әртараптандыруға бағыт алу, корпоративтік көшбасшылықты құру, елдегі бизнесті жүргізуді жақсарту бойынша шаралар Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын көтерді, әртүрлі трансұлттық компаниялардың қызығушылығын туғызды.

2009 ж. Салық кодексімен экономика дамуы үшін ынталандыру жүйесі қарастырылған, салық жүйесінің ашықтығы мен дербестігі, салық әкімшілігінің тиімділігі қамтамасыз етіледі. Корпоративтік табыс салығын есептеу ҚЕХС-на бейімделді, ол салық есептілігін оңтайландыруға мүмкіндік берді, аванстық төлемдерді төлеу алынып тасталынды, ал залаларды ауыстыру мерізімі 3 жылдан 10 жылға ұзартылды. ҚҚС 2006 ж.-16%, 2008 ж.-13%, 2009 ж.-12% құрады.

Әлеуметтік салықты әзірлеушілер прогрессивті шкаладан 11% тіркелген ставкаға өтті. Өндіруші секторға салық ауыртпалығы күшейе түсті. Әлеуметтік бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін, роялти төлемі пайдалы қазбаларды өндіруге әлемдік бағада салынатын салық пен үстеме пайдаға салықпен алмастырылды.

Арнайы салық режимі бұрынғы түрінде сақталды. Ойын бизнесіне салық енгізілді. Патент және жеңілдетілген декларация бойынша ставка кірістен 2 және 3% құрады (Ресейде 6 -15%).

Қазақстанда жеке табыс салығы (ЖТС) 10% (Ресейде-13%) деңгейінде белгіленген. Салық есептілігі 40%-ға жеңілдетілді және

оны ұсыну жиілігі 25 күннен 45 күн тізбелік күнге ұзартылды. Бұл салық инспекциясын жаппай бақылаудан құтылып және өзінің көңілін жауапсыз салық төлеушілерге аударуға мүмкіндік берді.

Көлік құралы салығы (ҚҚС) ставкасы төмендеді, жеке тұлғалар үшін салық салынбайтын ең төменгі көлем мөлшері көтерілді. Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне біріңғай жер салығы (БЖС) жіктелді, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеушілер үшін ҚҚС 70%-ға төмендеді.

Жаңа Салық кодексі негізінде қалыптастырылған үш жылғы бюджет экономиканы басқару деңгейін көтеруге және дефолттан құтылуға, елдегі инвестициялық климатты жақсартуға, мемлекеттік қаржыны қайта құруға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз азаматтар мен бюджеттік сфера жұмысшылары үшін 2009-2011 жылдары «Тұрғын үй құрылыс банкіндегі» ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша несие желісі ашылды. Әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік көмекке жұмсалған шығындар 678,3 млрд. теңгеден 1019,6 млрд. теңгеге өсті. Базалық зейнетақыны 2011 жылы ең төменгі өмір сүру минимумының 50 % -на жеткізу, жәрдемақыны жыл сайын 9 %-ға көтеру қарастырылып отыр. Бала туу бойынша жәрдемақы 50 АЕК теңестіріледі; 2010 жылдан бастап бала күтімі бойынша жәрдемақы 1 жасқа толғанға дейін 2,5 есе өседі; қамқоршыларға, мүгедек балалардың ата-аналарына жәрдемақы бір ең төменгі жалақы деңгейіне жеткізіледі. 2007 жылы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 462,6 млрд. теңге, 2008 жылы 566,9 млрд. теңгені құрады.

Үкімет бизнесті мамандар потенциалын сақтауға бағыттады. Отандық кәсіпорындарда жұмысшыларды жаппай жұмыстан босату болмады. 2008 жылы 250 000 жұмыс орны ашылды. Статистикалық мәліметтер бойынша 2008 жылдың соңында ең төменгі жалақы деңгейі 12 025 теңгені құрады.

Қазақстанның әлеуметтік саясатының көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Қазақстан Республикасында халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері, 2000-2008 жж.

Көрсеткіш (теңгеде)	2000 ж.	2007 ж.	Қараша 2008 ж.	Өсім қарқыны (2008/2000)	2009 ж.
1	2	3	4	5	6
Халықтың жан басы- на шаққандағы айлық ақшалай кірісі	6102	25226	31340	5,14	
Халықтың жан басы- на шаққандағы айлық ақшалай шығыны	3954	15516	17051	4,31	
Орташа айлық номи- налды жалақы	14374	52479	61622	4,29	
Орташа зейнетақы	4462	10654	18500	4,14	
Өмір сүрудің ең тө- менгі деңгейінің ша- масы	4007	9653	12206	3,05	13470
Жалақының ең төменгі мөлшері	2680	9752	12025	4,48	13470
Зейнетақының ең тө- менгі мөлшері	3500	7236			9875
Ескерту: Статистика бойынша Ұлттық агенттіктің мәліметтері.					

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі үлкен мәнге ие болатын уақыт келді. Уақтылы жүзеге асырылған зейнетақы реформасы мемлекеттің беріктік запасын ұлғайтады. Барлық жеңілдетілген зейнетақылар жойылды, жеке тұлғалар кірісінің 10% жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберіледі. Жас шегі әйелдер үшін – 58 жас, ер адамдар үшін 63 жас белгіленген, бұл еңбек ресурстарын ұлғайтады және зейнетақы қорына ауыртпалығын азайтады.

Қазақстанда салымдардың жалпы сомасы 1338,8 млрд. теңге болатын 9 миллион салымшыны қамтитын 14 жинақтаушы зейнетақы қоры қызмет етеді. Барлық зейнетақы қорларын біреуге біріктіру жөнінде ұсыныстар айтылуда.

Республиканың зейнетақы жүйесі қазіргі заманда инвестицияланған зейнетақы жинақтарының қажетті кірістілігін алу мәселесімен қақтығысты. Мәселе отандық қор нарығының жеткіліксіз дамуымен және жасанды қаржылық дағдарыс сал-

дарынан алдыңғы әлемдік қаржы индекстерінің құлауымен шарттасылған. Бұл жерде сөз салымшылардың жинақтарының құнсыздануы туралы болмайды, мәселе тек қана инвестицияланған активтерден түскен кірістіліктің төмендеуінде, өйткені халықтың барлық салымдары заң арқылы мемлекетпен кепілдендірілген. Бұл мәселені шешу үшін зейнетақы активтерін инфрақұрылымдық облигацияларға инвестициялау арқылы нақты сектор жобаларына пайдалану ұсынылады. Бірақ әрекеттегі заңдар бұны жинақтаушы зейнетақы қорларына рұхсат етпейді. Қазіргі кезде заңдарды қайта қарау жөнінде жұмыстар жасалуда. Мемлекет жинақтаушы зейнетақы қорларының әрбір салымшысына, оның еңбек қызметін аяқтау уақытына инфляцияны есепке ала отырып және оның зейнетақы активтерін басқарушы жинақтаушы зейнетақы қорының және компаниясының жұмыс нәтижесіне қарамастан зейнетақы төлеуге кепілдік береді.

Басқаша айтқанда, мемлекет зейнетақы қаражаттарын инвестициялаудағы барлық тәуекелді қабылдайды.


Бінтымақты жүйе жинақтаушы жүйеге толығымен өткенге дейін сақталады, жалақыдан 10% аударумен міндетті жинақтаушы жүйе және 2040 жылға дейін ерікті жинақтаушы жүйе. Осы уақытқа дейін зейнеткер зейнетақыны үш көзден алады.

2009 жылы жинақтаушы зейнетақы қорларының кірістілігі ең төменгі деңгейде немесе теріс, бірақ барлық ЖЗҚ бойынша кіріс сомасы 338 млрд. теңге немесе 24.46 % құрады.

ЖЗҚ қаржы позициясын күшейту мысалдары бар. «Ұлар Үміт» жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ-ң акционерлік тобы мен оны басқарушы «Жетісу» ЗАИБЖҰ» компаниясы жаханды дағдарыс жағдайында оның тұрақтылығын нығайту мен тәуекел жүйесін күшейту, қордың қаржылық тұрақтылығын көтеру үшін 20 млрд. теңге бөлді. 40 000 дана мөлшеріндегі қосымша акцияны шығару туралы шешім қабылданды және қордың жарғылық капиталы 4 млрд 840 млн. теңгені құрады. Сонымен қатар акцияларды шығару жоспарлануда, ол қордың жарғылық капиталын 10 млрд. 340 млн. теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Жетісу» ЗАИБЖҰ» акционерлері жарғылық капиталды 10,1 млрд. теңгеге ұлғайту туралы шешім қабылдады. Бұл қаржы нарығындағы

қордың позициясын нығайтуға мүмкіндік береді, дегенмен жақын уақтты ЖЗҚ активтері салынған бағалы қағаздардың кірістілігін көтеру болжанып отырған жоқ, акциялардың 4,5% үлесі «Казком-мерцбанкке» тиесілі. Қор 1 400 000 салымшыға қызмет көрсетеді, 17 филиалы мен 53 өкілділігі бар.

Осылайша үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының ерекшелігі ретінде әлеуметтік сферада қабылданған міндеттемелерді сақтауды айтуға болады, яғни үкімет қаржы секторын ғана емес, сонымен қатар өз азаматтарын әлеуметтік қорғауды, кіші және орта бизнесті қолдау қажеттілігін мойындайды. Банк салымдары мен зейнетақы жинақтарын кепілдендіру сферасында қойылған мақсаттар әлеуметтік тұрақтылыққа септігін тигізді.



4.3.

Әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудағы қаржы механизмінің мәні мен құрылымы

Қаржы саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып қаржы механизмі саналады. Оның көмегімен қаржы облысындағы барлық қызметтер іске асырылады. Бұл қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануға мүмкіндік беретін, мемлекет белгілеген қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысаны, түрлері мен тәсілдері, оларды сандық анықтау әдістерінің жүйесі.

Қаржы механизмі қаржы саясатының жүзеге асыру құралы бола отырып, қоғамның даму тапсырмаларына сәйкес шаруашылықтың әртүрлі деңгейлері мен қызмет сфераларында, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын орындау үшін, ақшалай қаражаттар мен ақшалай жинақтардың нысаналы қорларын қалыптастыру мен пайдалану бойынша қаржы қатынасын басқаруға мүмкіндік береді. Ол қоғаммен экономикалық және әлеуметтік даму үшін керекті жағдайларды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын, қаржы қатынастарын ұйымдастыру әдістерінің жиынтығы, басқару элементі, экономикалық қатынастарды реттеуші ретінде пайдаланылады.

Қаржы механизмі – бұл жекелеген өзара байланысты қосалқы жүйелерден тұратын ішкі құрылымы бар күрделі құбылыс. Ол серпінді, тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.

Қаржы механизмі төмендегілерді қамтиды:

1. Қаржы ресурстарының нысандары.
2. Қаржы ресурстарын қалыптастырудың көздері.
3. Қаржы ресурстарын қалыптастыру әдістері.
4. Мемлекеттің кірістері мен шығыстарын анықтауда, кәсіпорындардың бюджет жүйесін ұйымдастыруда пайдаланылатын заңды белгіленген нормалар мен нормативтер жүйесі.

Қаржы механизмінің әлеуметтік-экономикалық процестерге әсері төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

- қаржы механизмінің құрылымы мен оның элементтерінің нақты тапсырмаларды шешуге және нақты эффектте жетуге бағыттылығы;
- мемлекет пен шаруашылық субъектілерінде қалыптасатын қаржы ресурстарының шамасы.

Қаржы механизмі – бұл қаржы саясатының өзгеретін бөлігі. Ол барлық қатысушыларға міндетті болуы қажетті қаржы қатынастарын ұйымдастырудың барлық жүйесін, мемлекет бөлшекті әзірлейтін директивті немесе мемлекет салықты төлеуден кейін қалған қаржы ресурстарын пайдаланудың тек жалпы тәртібін белгілейтін, реттеуші болуы мүмкін, соңғы жағдайда кәсіпорын қандай ақшалай қорларды құрып, оларды қалай жұмсау керектігін дербес шешеді.

Тиімді қаржы механизмін жасау қаржы саясатын жүргізуде үлкен мәнге ие. Тиімсіз қаржы механизмі жоспарланған қаржы шешімін орындалмайтындай етеді. Ол жыл сайын қайта қарастырылуы және қаржы саясаты жүзеге асырылатын жағдайға байланысты өзгертілуі керек. Әлеуметтік қамтамасыз ету, салықтарды өзгерту, ФТП дамыту, нысаналы бағдарламаларды ресурстармен қамтамасыз ету, салалар мен аймақтар экономикасын дамыту бойынша алға қойылған тапсырмаларды жүзеге асыруға қажетті тәсілдері мен әдістері де өзгеруі керек.

Мемлекет жыл сайын объективті заңдар негізінде ЖІӨ мен ұлттық кіріс құнын бөлу нысандары мен әдістерін қайта қарастырады, ол жаңа салық жылына салықтар, алымдар мен баж-

дарды, төлемдердің спектрін; қаржы ресурстарын, амортизациялық саясатты пайдалану принциптері мен бағытын анықтайды; қаржы қатынастарын нормалайды; қаржылық макро көрсеткіштерді болжайды және жоспарлайды; қаржылық бақылау тәсілдерін белгілейді.

Қаржыны басқару мемлекеттің қаржылық механизмді пайдалануымен байланысты нысаналы бағытталған қызметін қарастырады.

Қаржы механизмін келесі белгілер бойынша жіктеуге болады.

1. Қызмет сферасы бойынша:

- мемлекеттік органдар қызметінің қаржылық механизмі;
- сақтандыру механизмі;
- кәсіпорындардың қаржылық механизмі;
- несие саясаты;

2. Аумақ бойынша:

- республиканың қаржылық механизмі;
- жергілікті органдардың қаржылық механизмі;

3. Қоғамның өндіріске әсері бойынша:

- қаржы ресурстарын ұсынудың қаржылық механизмі;
- қоғамдық өндірісті ынталандырудың қаржылық механизмі.

Әрбір элемент біріңғай қаржы механизмінің бөлігі бола тұрып басқаларымен байланысты, бірақ жеке қызмет етеді. Мемлекеттің қаржы саясатының механизмі тұтас әрекет етуі үшін, барлық элементтердің бір-бірімен келісімі қажет.

Мемлекеттің қаржы механизмін нормативті актілер мен қаржы құқығында қаржы саясатын қалыптастыру және жүргізу құралы ретінде сипаттайды және бекітеді. Бұл заңды нормалар барлық қаржы жүйесінде біріңғай талап ретінде орындалуы керек.

Қаржы механизмі келесі элементтерден тұратын құрылымға ие:

1. Экономикалық процесске әсер ету әдісі ретіндегі қаржы тәсілі:

- болжау;
- жоспарлау;
- есепке алу;
- бақылау;

- талдау;
- реттеу;
- есептілік;
- өзін өзі қаржыландыру;
- инвестициялау;
- несиелеу;
- бағалы қағаз шығару;
- салық салу;
- трансферттеу;
- есептеу жүйесі;
- жалға алу;
- сақтандыру;
- кепіл операциялары;
- траст;
- факторинг;
- лизинг;
- форфейтинг.

Қаржы әдістері қаржы механизмінің маңызды элементі болып табылады. Қаржы әдісі – бұл қаржы қатынастарының шаруашылық процеске әсер ету тәсілі.

Қаржы әдісі екі бағытта әрекет етеді:

- қаржы ресурстары қозғалысын басқару желісі бойынша;
- шығындар мен нәтижелерді өлшеумен, материалдық ынталандырумен және ақшалай қорларды тиімді пайдалануға жауапкершілікпен байланысты нарықтық комерциялық қатынастар желісі бойынша.

Қаржы әдістің келесі топтарға бөлуге болады:

1) жалпы экономикалық: несиелеу, сақтандыру, қаржылық санкциялар, траст, кепілдік операциялары, салық салу, амортизацияны есептеу, қаржы ресурстарын жұмылдыру, қаржыландыру, ынталандыру;

2) болжамды – талдамалы: қаржылық жоспарлау мен болжау, факторлы талдау, экономика- математикалық модельдеу және т.б.;

3) арнайы: дивидентті саясат, қаржылық жалға алу, франчайзинг, фьючерстер және т.б.

2. Қаржы тетіктері:

- кіріс;
- пайда;
- амортизациялық аударым;
- қаржылық санкция;
- баға;
- арендалық төлем;
- дивиденттер;
- пайыздық ставка.

3. Құқықтық қамтамасыздық:

- құқықтық актілер;
- заңдар;
- президент жарлықтары;
- үкімет қаулылары;
- қаржы министрлігінің бұйрықтары, нұсқаулары, өкімдері және т.б.

4. Нормативті қамтамасыздық:

- нұсқаулар;
- әдістемелік нұсқаулар;
- нормалар;
- тарифтік ставкалар;
- түсіндірмелер.

5. Ақпараттық қамтамасыздық:

- басқарудың осы деңгейіндегі жедел есептілік;
- бухгалтерлік құжаттар, оның ішінде басқарудың осы деңгейіндегі қаржылық есептелік;
- аймақ немесе республика бойынша тұтас статистикалық есептелік;
- өнімді немесе қызметті өткізу, оның ішінде бәсекелестік бойынша комерциялық ақпарат;
- микро және макро орта параметрі ретіндегі қаржылық ақпарат (бұл іскер серіктестердің қаржылық тұтастығы және төлем қабілеттілігі туралы, баға, бағам, дивиденттер туралы ақпарат болуы мүмкін және т.б.)

Ақпарат интеллектуалды меншіктің бір түрі (нау-хау) болуы мүмкін және жарғылық капиталға салым ретінде енгізіледі, объективті және саналы іскерлік ақпарат қаржылық және

коммерциялық шешімді тез қабылдауға, осындай шешімдердің оңтайлылығына, қаржылық залалдардың тәуекелін ең төменгі деңгейге әкелуге және пайданы ұлғайтуға әсер етеді.

6. Бағдарламалық қамтамасыздық:
 - жүйелі бағдарламалық қамтамасыздық;
 - басқарудың осы деңгейіндегі қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздығы.
7. Техникалық қамтамасыздық:
 - жеткілікті жады бар соңғы үлгідегі компьютерлер;
 - принтерлер;
 - ұйымдастыру техникасы (факстер, ксерокстер);
 - интернетке шығатын байланыс құралы.
8. Қаржылық құралдар:
 - акциялар;
 - облигациялар;
 - депозиттік және жинақ сертификаттары;
 - туынды қаржы құралдары.

Қаржы құралы – қаржы әдісінің тәсілі.

Шаруашылық операциясы қаржы әдісі деп жіктелуі үшін екі белгіге ие болуы керек:

- операция негізінде қаржылық активтер мен міндеттемелер жатуы керек;
- операция шарт нысанында болуы керек.

Қаржы құралы деп екі контрагент арасындағы, нәтижесінде біреуінде қаржы активі, екіншісінде қарыз немесе үлесті сипаттағы қаржы міндеттемелері пайда болатын шарт.

Қаржы құралдары бастапқы және туынды болып бөлінеді.

Бастапқы құралдар дебиторлық қарызды, кредиторлық қарызды, несиелерді, заемдарды, акцияларды, облигацияларды және т.б қамтиды.

Дебиторлық қарыз – бұл кәсіпорынға заңды және жеке тұлғалардың қарыз сомасы, айналымнан алынған және басқа экономикалық субъектілер контрагенттер арқылы пайдаланылатын қаражаттар көлемі.

Кредиторлық қарыз – бұл кәсіпорынның басқа заңды және жеке тұлғаларға қарыз сомасы.

Акция – эмиссиялық бағалы қағаз, ол оның иесіне акционерлік қоғамның пайдысының бір бөлігін дивиденд түрінде алу, қоғамды басқару және оны таратқаннан кейін қалған мүлік бөлігіне қатысу құқығын бекітеді. Акциялар екі типте болады: қарапайым және артықшылықты. Екіншісі кепілдендірілген дивидендке ие, бірақ дауыс беру құқығын жоққа шығарады.

Облигация – эмиссиялық бағалы қағаз, оның иесіне облигация эмитентінен белгіленген мерзімде номиналды құны мен пайыз алуға құқықты бекітеді. Облигациялар мемлекеттік және корпоративтік болады, олар қамтамасыздықсыз шығарылуы мүмкін.

Депозиттік (заңды тұлғалар үшін) және жинақ (жеке тұлғалар үшін) сертификаттары – банкке ақшалай салым салу туралы куәлік. Олардың эмитенті болып тек банк табылады.

Сертификаттарды акция және облигациялар сияқты алып сатуға және ақшаны алмастырушы ретінде пайдалануға болады.

Туынды қаржы құралдары – опциондар, фьючерстер, форвардты өзара шарттар, пайыздық своптар, валюталық своптар, вексельдер, чектер, коносаменттер – хеджирлеу, алып сатарлық себептерінен пайда болады.

Туынды қаржылық құралдар негізінде базисті активтер – тауар, акция, облигация, вексель, валюта және т.б. жатыр. Туынды қаржылық құралдар бағасы болашақ актив бағасы негізінде анықталады.

Форвардты келісім – активтерді биржадан тыс сату мен сатып алу туралы келісім, ол туралы есептер болашақта белгілі күнге есептеледі. Бұл келісім активті нақты сату немесе сатып алуды жүзеге асыруды, жабдықтаушыны бағаның мүмкін қолайсыз өзгеруінен сақтандыруды қарастырады.

Фьючерс – биржада жасалынатын мерзімге қатысуымен, ол көрсеткен және ол стандарттаған форвардты келісім шарт. Келісімде үш қатысушы көрсетіледі: сатып алушы, сатушы және биржа.

Опцион – белгіленген мерзім аралығында, белгіленген бағада биржалық актив немесе фьючерлік келісімді сату немесе сатып алу құқығына стандартты биржалық келісім. Опцион иесі келісімнен пайызды алдын-ала төлеген жағдайда келісімнен бас тарта алады, ол сома қайтарылмайды.

Фьючерстер мен опциондар – хеджирлеу құралдары, яғни қаржы нарығында баға өзгерісінен мүмкін залалдардан сақтандыру.

СВОП – әртүрлі активтермен қуаттанатын ақша ағынын айыр-бастау туралы келісім.

Вексель – бұл вексель ұстаушының көрсетілген тұлғаға белгілі соманы, белгіленген мерзімде төлеу туралы ешнәрсемен шартталмаған қарапайым міндеттемесі. Вексельде қанша, кімге, қай уақытта, қайда төлеу керек екендігі көрсетіледі. Вексельдер корпоративтік және жеке болады.

Қаржылық инжиниринг – қолдағы, дәстүрлі қаржылық активтерді жаңасына жаңғырту.

Бағалы қағаздар суррогаты – әрекеттегі заңды бұзып ұқсатылған міндеттемелер.

Чектер, коносаменттер, қойма куәліктері – бұл нарықтық емес бағалы қағаздар, өйткені олар сатылмайды және сатып алынбайды. Олар тауарлар үшін есеп айырысуға немесе тауарларды сақтау, тауарлар қозғалысы үшін есеп айырысуға қызмет етеді.

Ақша белгілері – бұл ақша иесінің тауардың эквивалентті санын алу құқығын растайтын құжат.

Бағалы қағаз да ақшаның белгілі сомасына құқығын растайтын құжат. Яғни бағалы қағаздар құқыққа құқық болып табылады. Бұл күрделі конструкцияның тұрақты болуы мүмкін емес. Кез келген қаржылық операция тәуекелге ие, бұл қаржылық дағдарыстардың кездейсоқ жағдай еместігін, олардың қаржы нарығының ажырамас бөлігі екендігін растайды.

Қаржы механизмінің жоғарыда аталған компоненттері экономикалық субъектілердің қызметтерін активті етуге, нарықтық қатынасқа қатысушылардың мүдделерін қанағаттандыруға арналған.

Қаржы механизмі елдің экономикасының дамуының өзгермелі жағдайына байланысты, әлемдік тәжірибені есепке ала отырып тұрақты жетілдіреді. Олақшалай кірістерді, жинақтар мен қорларды ұтымды пайдалану жолымен өндірістің түпкілікті нәтижесіне, қаржы ресурстарын қалыптастыруға, қаржы нарығының қызметіне әсер етеді. Оның көмегімен өндірістің көлемі мен сапалық

мінездемесіне, оның тиімділік көрсеткіштеріне әсер етеді, экономиканы, оның өсуі үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етеді.

Қаржы механизмінің элементтерін дұрыс пайдаланбаған жағдайда (мысалы, салықтардың қолайсыз ставкаларында, салықтардың көптігінде, үлкен салық салуда, төменгі кіріс салдарынан дивиденд төлемеуде, шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызығушылық сферасында шектеу енгізуде) ол тежегіш болады, мүдделер қақтығысын туындатады. Тек қана құқықтық нормаға негізделген ұтымды мемлекеттік қаржылық саясат қаржы механизмінің мүмкіндігін дұрыс жүзеге асыруға қабілетті.



Бақылау сұрақтары:

1. Қаржы саясатының мәнін анықтаңыз.
2. Қаржы саясатының тапсырмаларын анықтаңыз.
3. Қаржы саясатының принциптерін атаңыз.
4. Қаржы саясатының түрлерін атаңыз.
5. Қаржы механизмінің мәні неде?
6. Қаржы механизмінің әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудағы құрылымы қандай?
7. Қаржы механизмінің әдістерін анықтаңыз.
8. Қаржы механизмінің тетіктерін анықтаңыз.
9. Қаржы әдістерінің құралдарын атаңыз.
10. ҚР-ның қаржы саясатының сипатын куәландыратын фактілерді атаңыз.